

Ә.А. Данияр^{1*}, Қ.К. Кенжалин²

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: aliya_daniyarova@mail.ru, kenkk@mail.ru)

«Бабырнама» жазба мұрасындағы мәтін байласымы

Тарихи және өмірбаяндық мәтіндер сол дәуірдің бейнесін, тұлғаларын, болған оқиғаларын суреттейді. Автор осы сипаттағы еңбектерді жазғанда өз ойларын субъективті және объективті шындықпен алмастырып келтіреді. Мәтінін түзгенде белгілі бір логикалық, жүйелілік, үйлесімдік байланысты сақтауға тырысады. Дәл осы тұрғыдан келгенде берілген мақаланың мақсаты — «Бабырнама» жазба мұрасындағы мәтін байласымын жүзеге асыратын құралдарды анықтап, олардың берілу жолдарын нақты мысалдар мен дәйектемелер арқылы келтіру. Сонымен қатар Бабырдың жазған мәтініндегі мағыналық бірізділік, тұтастық пен шынайы оқиғалар желісінің сипатталуы, көлемді және шағын мәтін ішіндегі сөйлемдер арасындағы байласым, мәтінаралық байласымның жаңа ойдың абзац арқылы танылатындығы қамтылады. Талданып отырған сөйлемдердің сол кезеңге тән ерекшелігі мен авторлық қолданысы көрсетіледі. Зерттеу нәтижесінде «Бабырнама» жазба мұрасының үш бөлімі бойынша мәтіндер тілдік талдауға алынып, мысалдардың қазақша аудармасы арқылы қазіргі қазақ тіліндегі мәтін байласымымен салыстырыла, Бабыр қолданған тілдік қолданыстар мен байласым құралдары атап өтілген.

Кілт сөздер: баяндаушы, мәтін байласымы, байласым тәсілдері, авторлық көзқарас, мазмұн құрылымы.

Kipicne

Түркі халықтарына ортақ қолжазбалардың тілдік ерекшелігін, қазіргі жазба әдеби тілмен байланысын салыстыра отырып зерттеу қазақ тілінің тарихи грамматикасына маңызды үлесін қоспақ. Осы орайда, біздің зерттеу нысанамызға Моғол империясының негізін қалаушы Захир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» жазба мұрасы алынды. Аталмыш естелік жазба 1494 жылы Ұлы мемлекет қайраткерінің таққа отыруынан бастап 1524 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Ұлы Моғолдардың өмірі, ол қатысқан шайқастар, оның тәжірибесі, көрген жерлері, көркем және әдеби бейнелермен жеткізілген, шынайы және шағатай тілінде жазылған керемет шығармалардың бірін мәтін лингвистикасы тұрғысынан қарастыру тарихи мәні зор мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтауда елеулі үлесін қосады.

«Өмірбаяндағы дизайн және шындық» өмірбаяндық жанрының түпнұсқа заманауи талдауының авторы Рой Паскаль: «Діндар, философ Әл-Ғазалидің өмірбаяны сияқты діни өмірбаяндар «конфессиялық монологтардан» басқа ештеңе емес деген пікірін білдіреді. Ал ислам қоғамдары әдебиетінің сипаттамасынан маңызды, әлі толық танылмаған ерекше туынды — 1520 жылы Үндістандағы Моғол империясының негізін қалаушы Захир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың өмірбаяндық естелігі», — дейді [1: 37]. Жалғастыра келе, «Бабырнама» туралы: «Егер ол Еуропаға тиесілі болса, өмірбаян тарихында маңызды орынға ие болар еді», — деп түсіндірді. Бұл Бабыр мәтінінде Әулие Августиннен Целлини мен Кардано арқылы өтетін еуропалық өмірбаяндық дәстүрдің туындыларын сипаттайтын кейбір қасиеттер бар екенін білдіреді [1: 38].

Паскаль, сондай-ақ оқырмандарға Бабырдың өмірбаяндық шығармалары өзін-өзі түсіндіру, олар тұлғалар мен оқиғаларға нақты объективті анализ емес, өз ойын жеткізіп сипаттау үшін жасалғандығын ескертеді [1: 39]. Демек, зерттеуші Рой Паскальдің ойынша, «Бабырнаманы» жазуда Бабыр кей оқиғалар мен сипаттауларда, оқиғаларды баяндауда субъективті көзқарасын қосқан.

Бабырдың ақындық қасиеті мен жазу шеберлігі бар тұлға болғандықтан, жазба мұра мәнін қарапайым сөйлемдерден ғана құралмайды, поэтикалық үлгілер мен классикалық парсы әдебиеті сілтемелерін, дәйексөздерді, құрмалас сөйлемдерді, төл сөздерді, диалог үлгілерін қамтып, мәтін мазмұны жағынан да ауқымды тақырыптармен тарамдалады. Бұл «Бабырнаманы» тілдік тұрғыдан зерттеудің құндылығын көрсетеді.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: aliya_daniyarova@mail.ru

Әдебиеттерге шолу

Бабыр оқиғалар желісін белгілі бір хронологиялық реттілікпен баяндайды. С. Ысқақұлы мен С. Такиров әңгімелеу мәтіндеріне қатысты: «Нарратологиядағы мәтінді екі түрлі жолмен қарастыруға болады: – баяндалатын оқиға (мазмұн) арқылы; – хабарлау ретінде (көрініс)», – дейді [2: 51]. «Бабырнамада» баяндалатын оқиға автордың хабарлау-әңгімелеу ретінде сипаттау мәтінімен өзара байланысқа түседі.

Әрбір көркем мәтінді оның жасалған дәуірінің көрінісі екенін ескермеуге болмайды. Мәтін ақпаратты сақтау және беру тәсілі, мәдениеттің өмір сүру формасы, белгілі бір дәуірдің өнімі және жеке тұлғаның өмірін бейнелеу тәсілі ретінде әрекет етеді. Бірақ айта кететін жайт, «Бабырнама» көпшілікке арналған көркем шығарма емес. Бұл көркем шығарма оқитын оқырмандарға арналмаған, о баста тек билеушінің ұрпақтарына арналған [3: 153].

Кез келген мәтін — қарым-қатынастың біртұтас бірлігі ретінде субъект-автордың жалпы ниетімен (коммуникативті ниетпен), нақты идеямен біріктірілген элементтер жиынтығы.

Тұтастық пен байласым категориялары мәтіннің мазмұнды және құрылымдық ұйымдасуын құрайды. Мәтіннің байласым категориясы сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық-тұлғалық жағынан байланыса келіп, біртұтас мәтінді ұйымдастыруға қатысуын білдіреді. Бұл көрсеткіш өмірбаяндық тарихи мәтіндерге де тән. Себебі автор баяндап отырған оқиғалар арасындағы байланыс тұтас мәтін мазмұнын беруге жұмсалады. Байласымды тіл ғылымында когезия (лат. *cohaesus*, *cohesion* — байланысты, тіркесті) деп атайды. Мәтін когезиясы (байласымы) жөнінде ғалым И.Р. Гальперин мынадай анықтама береді: «Когезия — бір мәтіннің контекстік-вариативті мүшеленуінің келесі мәтінге алмасуын анықтайтын мәтіннің жекелеген бөліктері арасындағы грамматикалық, семантикалық, лексикалық байланыс формасы» [4: 125].

«Байласым әдетте оқырманға мәтіндік хабарламалар арасында байланыс орнатуға мүмкіндік беретін мәтіндегі айқын лингвистикалық сигналдар немесе әдістер ретінде анықталады» [5: 1].

Мәтіннің тұтасымы мен байласымының аражігі жөнінде зерттеуші S.J. Savignon: «Мәтіннің байласымы — бұл мәтіндегі барлық сөйлемдердің немесе сөздердің бір түпкі ең негізгі сөйлемге қатынасы. Бүкіл өлеңге, электрондық поштаға ғаламдық мағына немесе тақырып орнату немесе роман өрнектің де, интерпретацияның да ажырамас бөлігі болып табылады және мәтінді құрайтын жеке сөйлемдерді түсіндіруге мүмкіндік береді» [6: 9].

«Мәтіннің құрылымы мен оның байласымы бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен, ғалымдар олардың тұжырымдамасындағы айырмашылықтарды да атап көрсетеді. Байласымға келетін болсақ, әдебиеттерде екі негізгі аспект талқыланды: оқырманға бағытталған байласым және мәтінге негізделген байласым» [7: 2]. «Бабырнаманы» бұл тұрғыдан екі аспект бойынша да қарастыруға болады.

Мәтінді тема-ремалық қатынаста талдап байласымды және тұтасымды мәтіндер тұрғысынан қарастырған ғалымдар былай дейді: «Соңғы зерттеулер сөйлемнің басында қамтылған барлық ақпарат міндетті түрде тақырыптық емес екенін және сөйлемдегі сол жақтағы ақпараттық бірлікті тақырыптық деп санайтын синтаксистік тұрғыдан мәтіннің темасы мен ремасын анықтау дәл болмауы мүмкін екенін дәлелдеді» [8: 892]. Яғни бұл тұжырымның авторлары *source text* (түпнұсқа мәтіні) and *target text* (мақсатты мәтін) терминдерін келтіре, бастапқы мәтінге романдық нұсқадағы мәтін мен ағылшын тіліне аударылған мақсатты мәтін ішіндегі тема-ремалық қатынасты салыстырып, өзгешеліктерін сызба арқылы көрсетеді (1-сурет):




Figure 4. Contrastive Thematic analysis and representation of a source- and target-text at sentence level

1-сурет. Тақырыптық талдау және сөйлем деңгейінде бастапқы және мақсатты мәтіндерді салыстыру үлгісі [8: 892].

Берілген сурет бойынша байласымды бірінші нұсқада мәтін ішіндегі тема-1 рема-2-мен және тема-2 рема-2-мен байланысып, яғни зигзаг формасында тема-ремалық қатынас негізінде құрылса, екінші аударма мәтінде тема-1-ден рема-2-ге, тема-1-ден тема-2-ге, тема-2-ден рема-2-ге қарай байласымды болып тұр.

Байласым екі жақты сипатқа ие: мазмұндық жағы мен тұрпаттық тілдік құралдары. Сол себептен когезияны ұйымдастыратын құралдарды қарастыруда кешенді тәсілдеме қажет. Бұл тілдік тұрпаты мен коммуникативті-прагматикалық тұрғыдан когезияның мәтінтүзімдік функциясын талдауға көмектеседі. Байласымды жүзеге асыруға грамматикалық, лексикалық, стилистикалық т.б. амалдар қатысады. Бұл амал-тәсілдер орыс және шет тіл біліміндегі И.Р. Гальперин, С.И. Гинди, Rizulmi, О.И. Москальская, Е.А. Реферовская, М.И. Откупщикова, В.А. Шаймиев, А.А. Мецлер, М.П. Котюрова, И.П. Белецкая, Н.М. Гончарова, М.Я. Дымарский сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Сондай-ақ, басқа да ғылыми бағыттар бойынша шетелдік ғалымдардың зерттеу мақалаларын да атап өткен жөн. Дискурстық мәтін байласымы: Н.Т. Hameed, Moongee Jeon мақалаларында көрініс тапса, Emi Emilia, Nurfitri Habibi, Lungguh Ariang Bangga, Rurik Tywoniw, Scott Crossley сынды зерттеушілердің ғылыми мақалаларында әдістемелік, оқыту тұрғысынан сөз етіледі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу мақаласын жазу барысында салыстырмалы талдау жүргізу, жүйелеу, пікірлерді қорыту, мәтіндік талдау әдістері мен аударма тәсілдері қолданылды. Салыстырмалы талдау әдісі мен аударма тәсілі Бабыр дәуіріндегі тіл мен қазіргі қазақ тілі арасындағы ұқсастықты салыстырмалы түрде анықтау үшін, ал дерекнамалық мәлімет жинақтауда, әдебиеттерге шолу жасағанда жүйелеу, пікірлерді қорыту әдістері пайдаланылды. Мәтіндік талдау тарихи синтаксис пен мәтін лингвистикасы аясында «Бабырнама» жазбасы мәтіні мен қазақ тіліндегі мәтін байласымының ерекшелігін анықтауға және мәтін байласым категориясын жүзеге асыратын құралдарды айқындап көрсетуге мүмкіндік берді. Мәтін үзінділері мен жекелеген сөйлемдер талданатын байласым категориясына қатысты құралдар бойынша жинақталды.

Ғылыми-зерттеу материалдары үшін негізгі дереккөздер ретінде әлемдік түркілік транскрипциясы мен парсы тіліндегі аудармасымен ұсынылған У.М. Тэкстонның Гарвард университеті негізінде жарық көрген шағатай тіліндегі «Бабырнама» нұсқасы мен қазақ тілінде Б. Қожабекұлының «Бабырнама. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр» әдеби аудармасын пайдаландық.

Талқылаулар мен нәтижелер

Мәтін байласымын іске асыратын әртүрлі құралдар бар. Соның негізгілері: семантикалық, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық, интонациялық, графикалық.

Семантикалық байланысымының ең үлкен дәрежесі ретінде баяндауыш, толықтауыш және пысықтауыш қызмет атқарады. Ең кіші дәрежесі — бастауыш. Байланыстырушы элементтер дәйекті түрде орналастырылған екі сөйлемнің құрылымдық-семантикалық байланысын қамтамасыз етеді [9: 640]. Осы тұжырымға сәйкес «Бабырнама» жазбасынан мынадай мәтін үзіндісін келтіруге болады:

Ölgän Afğanlarning başidin kala-manāra qoparıldı. Dost Piyāda Kotvālning, kim atı mazkur bolup edi, ayuqıǵa oq tegdi. Kābulǵa kelgāndā öldi [10: 429]. **Қаз.:** Қырылған ауғандықтардың бас сүйегінен мұнара тұрғыздық. Камал бастығы жаяу әскер Дұстың аяғына садақ тиді. Кабулға келгенде өлді [11: 237]. Бұл сөйлемдерде бастауыш (біз, ол — Дұс) жасырын берілген, сөйлемдерде басты мүше ретінде баяндауыш, пысықтауыш, анықтауыш пен толықтауыш мүшелер құрылымдық-семантикалық байланыс орнатып тұр.

Мәтін лингвистикасы бойынша *семантикалық құралдар* мәтіндегі ұғымдар, фактілер енетін семантикалық қатынастармен ресімделеді. «Бабырнама» мәтіні бойынша саралайтын болсақ, автор өзі болған Бабыр Челлини (итальяндық мүсінші, жауынгер) сияқты, жарқын және сенімді даралықты жеткізеді. Ол өзінің жеке психологиясының қозғаушы күшімен шынымен қалыптасқан өзгеше тұлға ретінде өзінің тұтас портретін ұсынады. Ол өзінің баяндау барысында мұны шынымен істеуге ниетті болса да, болмаса да, ретроспективті сенімділік пен белгісіз сәт арасындағы көркемдік тепе-теңдікті ұстанады. Оған қоса тұлғаларды, жер-суды, тағам мен тұрмыс-тіршілікті шынайы тұрғыдан сипаттайды, яғни болған оқиғамен байланысты егжей-текжейлі түсіндіріледі. Сондай-ақ бір ерекшелігі — ұрыстардың қолбасшысы ретінде қанды шайқастар да еш өзгеріссіз детальді түрде суреттеледі, сол дәуірдегі ерекшелікке сай баяндалады. Мәселен: *Bir zamanda yüz-yüz ellig Afğānnı çarqulap alıp*

ba'zısını tirig, aksarning başını keltürdilər. Afğanlar uruşmaqđın 'ājiz bolsalar, ġanimlarining alida ot tişläp kelür emiş, ya'ni «Men sening uyungdur men» degan emiş. Bu rasmni anda kördük. 'Ajiz bolğan Afğanlar ot tişläp keldilər. Tirig keltürgänlärni ham boyunlarını urdurup tüşkän yurtta kala-manāra qoparıldı [10:305].

Қаз.: Біз қас қақанша жүз бе, жүз елу ме адамды кескілеп, қолға түсірдік; солардың кейбірін тірідей жеткізді, ал көбінің басын кесіп алып келді. Ауғандықтар шайқаса алмайтын жағдайда аузына шеп қыстырып, яғни «Мен — сенің өгізіңмін» дегендей, құлшылық етіп жауына бас иеді. Бұл әдетті біз сол жерде байқадық. Карсылық етер дәрмені қалмаған ауғандықтар тісімен шөп тістеп келіп қолға түсті. Мен тірідей алып келгендердің де басын алуға бұйырдым; олардың бас сүйегінен күмбез көтердік [11: 172].

Бұл жерде соғыс кезінде болған оқиға баяндалады, атап айтқанда жеңілгендердің, беріліп келгендердің қандай жағдайға ұшырағаны айтылады, автор тарапынан, яғни Бабырдың өз атынан қандай бұйрық беріп, не істегендері берілген мысалдың соңғы сөйлемдерінен көрініп тұр. Бұл туралы зерттеушілер былай дейді: «баяндаушы (сонымен бірге шығарманың кейіпкері) тыңдаушысымен сөйлесіп, болған оқиға туралы айтуға дайын, мұнда біз адресант пен адресат (оқырман) арасында қалыптасқан коммуникативті байланыстың жалғасуын байқаймыз» [12: 25].

Грамматикалық және лексикалық байласым арасындағы шекарада жалпы мақсаттағы зат есімдер класының байланыстырушы функциясы бар [13: 6]. Бұл жерде шекара термині жалпы мақсаттағы зат есімнің өзі лексикалық элемент (ашық жиынның мүшесі) мен грамматикалық элемент (жабық жүйенің мүшесі) арасындағы шекаралық сипатта болған соң қолданылады.

Лексикалық байласым құралдары. Лексикалық байласым — бұл сөз формасында немесе сөз тіркесінде жүзеге асырылатын бір-бірімен байланысатын бір элемент [14: 30].

Лексикалық қайталау: *Yana Mir Muhammad Yūsuf edi. Sayxu'l-Islāmning šāgirdi edi. Ba'zi majlisda Sayxu'l-Islām Qādi Ixtiyār yoqqanı olturur edi, ba'zi majlisda bu [10: 373].* Берілген мысалда, үш сөйлем қатарынан *-edi* көмекші етістігі бірнеше рет үш рет қайталанып тұр (1-кесте).

1 - кесте

Лексикалық байласымды мәтін

1) <i>Panjšamba aynıng 18dä Bajawr Jandol arasıdaqı tağni avladuk.</i> 2) <i>Bu tağning buğumaralı qapqara ranglig boladur, quyuqı yana bir özgäça ranglig.</i> 3) <i>Gālibā mundin qoyi Hindūstān buğū-maralı tamām qapqara bolur.</i> 4) <i>Oşbu kün yana bir sarığ quş tüşti.</i> 5) <i>Ol dağı qara edi. Közläri ham qara edi.</i> 6) <i>Oşbu kün Bürküt bir keyik aldı [10:465].</i>	1) Бейсенбі айының 18-і күні біз Баджаур мен сандал арасындағы тауда аң ауладық. 2) Бұл таулы ауадағы бұғылар қара түсті, олардың құйрықтары басқа түсті. 3) Төменгі ағысында Үндістанның бұғылары мен бөкендері әдетте қара түсті болады. 4) Сол күні Сары құс қолға түсті, ол да қара еді. 5) Тіпті оның көздері қара түсті. 6) Сол күні Бүркіт бұғыны ұстады.
---	--

Бұл жерде мәтін ішіндегі байласым алғашқы сөйлемдегі кейбір сөздер, өзінен кейінгі келесі сөйлемдерде сол сөзді алмастыратын басқа сөз табына енетін сөзбен немесе сол сөзді қосымша анықтап тұратын сөздермен беріліп жүзеге асырылады. *Бейсенбі күні немесе бейсенбінің 18-і* — «осы күнде» дегенге алмасады, *тау* — «бұл тау» деп анықтап тұр. Сондай-ақ, *сары құсты* — келесі сөйлемде «ол» деп жалғастырады.

Бір тақырыптық топтың сөздері: Бұл сөйлемде сипатқа, түске байланысты сын есімнің сөйлемдері топшаланған: *таң* — *қап-қара рең, өзгеше рең, сары құс* — *қара, көздері де қара.*

Грамматикалық байласым құралдары. Етістіктің түр-шақ формаларының бірізділігі. Жалпы «Бабырнама» жазба мұрасында етістіктің осы шағы мен өткен шақ формалары, сирек түрде келер шақ қолданылады, осы шақ көп жағдайда төл сөздердің ішінде келтірілген болса, өткен шақ «Бабырнаманың» барлық сөйлемдерін қамтиды. Зерттеуші Claus Schönig «Past tenses» in Babur-name атты ғылыми мақаласында «Бабырнамадағы» өткен шақтың 4 формасын көрсетеді:

1. (е)ді/ты/ті
2. ған/ған дүр
3. (е)міш

4. -п тұр/еді [15: 62]. Алайда контекст бойынша сөйлемдерді қарайтын болсақ, онда Бабыр жазбаларында қазіргі қалау райының *-ғай, -гей, -қай, -кей* жұрнақтарының өткен шақ мағынасында да

кездесетін жерлері бар, атап айтқанда қазіргі қазақ тіліндегі есімшенің ған/ген/қан/кен жұрнақтары мағынасында:

Qorğandın daryā bir oq atımı bolğay [10: 7]. Қаз: (Сейхун өзені) қамалдан бір (оқ) атым жерде болған. *Alamda mundaq yaramas vad'lığ tağlar kam bolğay* [10: 293]. Қаз.: Әлемде мұндай жарамас таулар аз болған.

Демек, «Бабырнама» мәтінінде қолданылатын өткен шақтың 5-ші формасын қосуға болады: 5. *ğay/ğey* — ған/ген еді мағынасында. Яғни талдау барысында контекстік сипатқа, жұрнақтың сөйлемдегі мағынасына назар аударған жөн. Ал қалау мәнінде, ауыспалы келер шақ түрінде мәтіндегі сұраулы сөйлемдерден байқаймыз: ...*kim Xwāja Mawlānā Qadi bolğay, bu naw xatlar kelip mundaq ihtimāmlar bilā tilägäylär, ne köngül bilā kišiturğay?* [10: 109]. Қаз.: Маулана-и Қазиден жоғарыда айтылғандай зарлы да, жалынышты сәлем хаттар келіп, сай-сүйегімді сырқыратты. Мұндайда адам қалайшыдап тұрады? [11: 76].

Келесі төмендегі мысалда, етістіктің жедел өткен шағының 1-жақ формасында қатарынан бірнеше сөйлем беріледі. Бұл — шағын оқиғаның баяндалу мәтіні. Яғни автор оқиғаны баяндау барысында жеке өз атынан әңгімелеуді қолданады (2-кесте):

2 - кесте

Грамматикалық байласымды мәтін

<i>Dastārxwān üstida iki-üç nawbat könglüm barham urup qusa yazdım. Axir kördüm kim bolmas. Qoptum. Abxanağa bargunda yolda yana bir nawbat qusa yazdım. Abxana*ğa barıp qalın qustum. Hargiz aşdın song qusmas edim, balki içkändā qusmas edim</i> [10:657].	Тағы да жүрегім айныды; дастарқан басында отырғанымда осылайша екі-үш рет айныды, құсып жібере сақтадым. Ақыры жағдайым болмай бара жатқан соң орнымнан тұрдым. Қалажайға жеткенімше тағы да құсып жібере жаздадым, ол жерде қатты лоқсыдым [11:352].
---	---

Шылаулар мен модаль сөздер. «Бабырнама» мәтінінде «тағы» шылауы «уана» түрінде берілген: *Yana Furmul Tumlini dür. Muhaqqar yerі dür. Alması yaman bolmas. Multan va Hindüstānğa eltärlär* [10: 289]. Қаз.: Кабулдың тағы бір тұманы — Фармул. Бұл оншама үлкен жер емес. Алма жақсы шығады, мұны Мултан мен Үндістанға шығарып сатады.

Және жалғаулық шылауы *va* түрінде көп жағдайларда жай сөйлем ішіндегі бірыңғай мүшелерді байланыстыру үшін қолданылған: *Yana bir Nijrāw vaLamgānāt va Bajawr va Swad tağları qalın nāzu va jalgoza balut va zaytun va xunjaklıқтағлар dur* [10: 291]. Қаз.: Нижрау. Ламғанат, Бажауыр, Сават тауларында шырша қарағай, пини, смен, зәйтүн және сағыз қарағай көп өседі [11: 166]. «Және» жалғаулығының *u* түріндегі де баламасы бар: *Saxi u mardāna kiši edi* [10: 45].

Мәтінде «*ham*» шылауы «кейде» деген мағынасында жұмсалады: *Fargāna vilāyatı edi va Xujand va Ura Tepä, kim aşı-i atı Ustrūšana dur, Ustrūš ham derlär* [10:17]. Қаз.: Ферғана уәлаяты еді және Ұратепе, Ходжент қалды, Ұратепенің алғашы аты — Ұсрушна, кейде Ұсруш деп те атайды [11: 28].

«Да» жалғаулық шылауы (3-кесте):

3 - кесте

«*ham*»шылауы арқылы байланысқа түскен мәтін

<i>Tengri rāst keltürüp bu Afgānlar ayrišip kelip oşol pārča tağqa čiqtular. Bir pārā yigitlarni yibärildi kim fi'l-hāl iki tağning arasidağı gardanani alğaylar. Özgä çerig eligä tā farmān boldı kim ol yūzdin bu yūzdin tuşluq tuşdın yūirügān bilä (...) uruša ham almadılar</i> [10:305].	Құдай жарылқап, ауғандықтар сол сілемге жетті де тауға көтерілді. Мен сол сәтте екі таудың арасындағы мойнаққа бекініңдер деп жасақ жөнелттім. Өзге жауынгерлерім ауғандықтарды жан-жағынан қоршауға бұйрық алды. Сарбаздарым ар жақ, бер жағынан шыға келгенде, ауғандықтар қарсыласа да алмай қалды [11: 172].
--	--

ham/һәм. Бұл жердегі *һәм* шылау сөзінің мағынасы өзінің бастапқы *және*, *тағы*, *сондай-ақ*, *әрі*, *кейде* мағыналарынан бөлек сөйлемге ыңғайластық «да» жалғаулық шылауының мағынасын үстеп

тұр. Демек, байласым құралы ретінде талданып отырған шылауларды жеке-жеке емес, контекстік мағынасымен, сөйлемдер арасындағы атқаратын қызметімен қарастырған жөн.

Vali — қазіргі қазақ тіліндегі «бірақ» қарсылықты шылауы. *Otı bu tağlarning otı dek emäs tür. Qalın bolur va buland bolur, valı befayida ot tur* [10: 291]. Қаз.: Мұның шөбі өзге таулардағыдай емес, қалың және бітік шығады, әрі биік, *бірақ* қой мен жылқы жайылымына жарамсыз [11: 166].

Келесі мысалда *valı*, яғни «бірақ» қарсылықты мәнді жалғаулық шылауы салалас құрмалас сөйлемнің құрамында қарсылықты жалғаулық шылау қызметін атқарып, алдыңғы сөйлемдегі ақпаратқа қарсы мәнді білдіретін екінші сөйлемде қолданылады (4-кесте):

4 - к е с т е

«*valı*» шылауы арқылы байланысқа түскен мәтін

<i>Otlağı aksar jölgäläridä bolur. Ol tağlar dek tağı va ruştası yakdast ot bolmas. Andaq qalın yıǵači va arçası ham yoqtur, valı otı atqa va qoyǵa sǵzvār dur</i> [10: 291].	Жайылымдар көп жағдайда аңғарларда орналасқан. Ол таулар мен төбелердегі шөптер Солтүстік таулардағыдай емес. Мұнда қалың ағаштар мен ариша да жоқ, бірақ ондағы шөптер жылқылар мен қойларға пайдалы.
---	---

Модаль сөздер. *Nečä jihatdin tumkin emas edi kim alarga berilğay* [16: 107]. Қаз.: Бірнеше себептерге байланысты оларға берілуі мүмкін емес еді.

Agar yüz miñ bahār olsa açılmağı ne imkändur? [10: 425]. Жүз мың дереккөз болса да, оның ашылу ықтималдығы қандай? [11: 88].

Xan bile tamāt yakrö bolmaq kerek edi [16:107]. Қаз.: Ханға толықтай адал болу керек еді [11: 90]. Бұл мысалдағы модаль сөздер: мүмкін, мүмкіндік, ықтимал мағынасындағы «imkan» және керек.

Кеңістік, мекен және уақыт, мезгіл мағынасындағы сөздер мен үстеулер.

5 - к е с т е

Мезгіл мен мекен мәнінде байланысқан мәтін

<i>Yazlar Kabul quşlağı qalın dur. Aksar quşining guzari Bārān yaqası dur, ne ücün kim şarqi tağlar dur, garb tarafı ham tağlar dur</i> [10:293].	Көктемде Кабулда құс аулайтын жер көп болады. Қайтқан құс көбінесе Баран өзен жағасында ұшады, себебі шығысында да, батысында да тау шыңдары тұр [11:167].
---	--

Бірінші сөйлемде мезгіл мағынасы — *көктемде* (yazlar) сөзінен көрінсе, екінші сөйлемде кеңістік пен мекен мәнін білдіріп, пысықтауыш мүше «*Баран өзен жағасында*» болып тұр (5-кесте).

Kābul algandin bir neča kün song Muqim Qandahar sarıǵa ruxsat tilädi [10: 299]. Қаз.: Кабулды алған соң бірнеше күннен кейін Мұқым Қандағарға кетуге рұқсат сұрады [11: 169]. Бұл мысалда пысықтауыш мүше болып тұрған «Кабулды алған соң бірнеше күннен кейін» тіркесі қашан деген сұраққа жауап беріп мезгіл мәнінде жұмсалған. Ал мекен мәні барыс септігімен берілген «Мұқым Қандағарға» тіркесінен көрінеді.

Ғалымдар әңгімелеу мәтініндегі байласым мен құрылымдық сипаты жөнінде былай дейді: «Әңгімелеу мәтіні келесі белгілер арқылы ұйымдасады: — мәтіндегі әрекет басынан аяғына дейін бір-бірінен туып, ауысып отырады; — аяқталған формада негізінен Кім? (не?), Қайда? Қашан? Не болды? деген сұрақтарға жауап береді; — әңгімелеуге негіз болған белгілі бір жағдай есебінен оқиға құрылады [17: 25]. Осы белгілер бойынша Бабырдың оқиғалары да байланысқа түседі. Оны төмендегі мысалдардан байқай аламыз.

«Бабырнама» жазба мұрасы осы сөйлеммен басталады:

Ramadān ayi tarix-i sekiz yüz toqsan toquzda Farğana vilâyanda on iki yašta pâdişâh boldum [10: 3]. Қаз.: *Сегіз жүз тоқсаныншы жылдың рамазан айында он екі жасқа қараған шағымда Ферғана уәлаятының билеушісі болдым.* Бұл жерде мекен және уақыт автордың жыл, ай және жас, сондай-ақ, қала атын көрсетумен анықталады.

Bir nečä kündin song Xwāja Yahyā ham Buxârağa bardı. Baysunğur Mirzā čerig tartıp Buxatfa)ğa Sultân-'Ali Mirzâning üstigä bardı. Buxârağa yavuuq yetklän bilä Sultân-'Ali Mirzi va Tarxan beglâri yasap čıqtılar [10: 75]. Қаз.: *Бірнеше күннен соң Қожжа Яхия да Бұхараға кетті. Байсұңқар мырза әскерді*

Бұхараға Сұлтан Әли мырзаға қарсы басқарды. Ол Бұхараға жақындаған кезде Сұлтан Әли мырза мен тархан бектері әскер құрып, сыртқа шықты. Берілген сөйлемдерде мекен, бағыт, яғни кімге қарай бағытталғандығы, уақыт пен мезгіл қамтылған.

Стилистикалық байласым құралдары. «Бабырнама» жазба мұрасында автор Бабырдың өзінен риторикалық сұрақтары, төл сездері, поэзиясы бар түрлі типтегі мәтіндер (сипаттау, әңгімелеу, пайымдау) кездеседі. Осы тұрғыдан алғанда «Бабырнамадағы» автор сөзі мен одан кейінгі өлең жолдары, мәтіннің стилистикалық байласымын жүзеге асырады. Бабыр өз естеліктерінде қарасөзбен бірге өлең жолдарын қолданғаны әдеби зерттеулерден мәлім. Бұл өлеңдер сол дәуірдің әдебиетінен, автор білетін ақындардың шығармашылығын алынып үзінді келтіріледі. Әңгімеленіп отырған оқиға, жағдайға, адамға қатысты түсіндірме сөйлемдерден кейін Бабыр мәтін арасындағы байласымды, логикалық үйлесімді сақтап өлең жолдарды да кірістіріп өтеді. Тарихи деректерге сүйенсек, Бабыр әскери қолбасшы, әмірші болумен қатар әдебиет пен өнерге де қатысы бар тұлға болғандықтан шығармаларында рифма-месневи өлеңдері, ғазал және басқа поэтикалық формалар қамтылады. Мысалы:

1487-98 жылғы оқиғалар. *Ulugbeg Mirzäning fawtining tārīxi fawrī väqi boluptur. Nazm:*

Ulugbeg bahr-i 'ulām u xirad / ki dunyd u dinrd azū bad pušt,

Zi 'Abbas šahd-i Sahādat čašid / šud-aš harf-i tārix Abbas kust.

Agarči Ozi ham bes-altı ay beš saltanat qılmađı, bu bayt mašhūr dur kim (bayt):

Pidarkuš pädišahird našāyad / agar šayad bajuz šiš mah napdyad [10: 103]. Қаз.: Ұлықбек қаза тапқан жылы бір тарихи жазбада мынандай деп, дұрыс көрсетілген:

Ұлықбек ақыл-ойың тең еді,

Ғылымға ар айтқаны неге еді.

Тарихи баскесер деп аталдырып,

Өлтірген оны Аббас дегізеді. Бірақ оның өзі де Әбді әл-Латиф бес-алты айдан артық билік жүргізбеді. Мынандай өлең жолы бар: *Әкесін өлтірген и патша болмас, Болса да алты айға толар-толмас* [11: 73]. Автор ғазалдардың алдында және соңында түсіндірме береді. Яғни оқырманына түсінікті болу үшін арнайы кіріспесі мен түйіні болады.

Интонациялық байласым. «Бабырнама» мәтініндегі интонация төл сөздердің көмегімен және абзац арқылы берілген жаңа ойлар, авторлық кідірістер сипатында беріледі.

1505-1506 жылғы оқиғалар (6-кесте).

6 - кесте

Төл сөз қатысқан интонациялық байласымды мәтін

<i>Bir-iki oq ötüp ötüp tüşti. Ahmad Yusuf Beg idtirāblar qılıp har zaman aytadur kim «Yalangač mundaq kirip barasız? İki-üç oqı kördüm kim başingizdın ötti». Men dedim kim «Siz mardāna bolung! Mening basimdin mundaqlar xaylı ötüptür»</i> [10: 333].	<i>Бір-екі оқ ұшып-ұшып түсті. Ахмед Юсуф бек уайымдап: «Сіз мүлдем ашық жүріп бара жатырсыз. Мен сіздің басыңыздан екі-үш жебенің ұшқанын көрдім». Мен оған: «Батыл бол! Мұндай жебелердің талайы басымнан ұшқан», — дедім.</i>
--	---

Бұл мысалдан көріп отырғандарыңыздай, автор шынайы болған оқиғаны дәлме-дәл жеткізу мақсатында сөйлемде эмоционалдықты көрсету үшін сөздердің қайталауын (*ötüp ötüp*) қолданып, төл сөзді кірістіре отырып жеткізеді. Берілген төл сөздің қолданысында автор ретінде де және сол сұраққа жауап беруші, сөйлесімге қатысушы Бабырдың өзі болады.

Графикалық құралдар. Бабырдың естеліктеріндегі мәтіннің араб графикасының жазылуы мен ішіндегі қою әріппен, өлең жолдарының азат жолдан жазылуымен және парақтың шаршы ішінде жазу, сыртында және ішінде көрнекі суретпен рәсімделуін мұрағаттардан табылған қолжазбалар, түпнұсқа мен көшірмелердің нұскаларынан көре аламыз (2-сурет):



2-сурет. «Бабырнама» қолжазбасы негізінде табылған көшірмелердің сыртқы беттері [18: 28; 38]

Орта ғасырлардан бастап шыға бастаған қолжазбалардың суреттермен жақсы өрнектелгенін байқауға болады, дегенмен Бабырдың өзі жазба нұсқаларына суреттер енгізбеген. Суреттермен безендіруді оның немересі, мемлекет қайраткері, Моғол империясының үшінші падишасы — Ақбар (1542-1605) бастаған, яғни ол атасының қолжазбаларын миниатюралармен суреттеген, бірақ парсы тіліндегі нұсқаларында ғана бар. Бүгінгі күні әлемнің әртүрлі жинақтарға таралған жетпіске жуық миниатюралар бар, олардың жиырмасы Лондондағы Виктория мен Альберт мұражайында, сондай-ақ белгілі бір бөлігі Британ кітапханасында сақтаулы. Басқа да жинақтарда жеке нобайлар бар, сонымен қатар кейінірек суретпен бейнеленген нұсқалар жасалды, бірақ онша ауқымды емес [19: 9].



3-сурет. «Бабырнамадағы» «Амрудпал, карна және амальбид ағаштары» [18: 39]

Келесі мысалдардан жалпы Бабырдың жүріп өткен географиялық аймақтарындағы жер-су, тау-қыраттардың атауларын, сипаттамаларын авторлық жеткізу тұрғысынан көре аламыз. Яғни тілдік жағынан бір сөйлеммен екінші сөйлемнің, бір мәтін мен келесі мәтіннің байласымы осы үзінділерден біле аламыз.

1525-1526 жылғы оқиғалар. *Hindustāndaham tağlar bar dur. Ol jumladin bir tağı tüşüptür, şimāldin janūbqa baqa barıp tur. Bu tağning ihtidāsı Dihli vilāyatıda Fīrozshāhning Jahānnumā atlıғ 'imāratıdın dur kim pārçāğına taşlıғ tağning üstidä vāqi' boluptur, va mundin ötkäç Dihli navāhīsıda pārça pārçakiçikrāk kiçikrāk anda munda taşlıғ tağqınalar payda boluptur. Mevāt vilāyatığa yetä bu tağlar uluğraq bolur. Mewāttin ötüp Bayāna vilāyatığa barur. Sikri va Bāri va Dolpūrning tağları ham oşbu tuta tağlardın dur. Agarçi payvast emäs, Gwāliyārning, kim Gālyūr bitirlär, oşbu tağning şubalarıdın dur, Rantambor va Citor va Mandāw va Canderi tağları ham oşbu tağ raglärindin düir* [10; 585]. Қаз.: Үндістанда басқа таулар бар, олардың арасында солтүстіктен оңтүстікке қарай созылатын тау тізбегі бар. Ол Делхи аймағында, Фируз шах тұрғызған Джехан-Нума деп аталатын ғимаратта басталады; бұл ғимарат төмен тасты жотада тұр. Әрі қарай, Дихлидің маңында, бөлек анда мұнда кішкентай-кішкентай жартасты төбелер көрінеді. Меват аймағында таулар жоғарырақ болады; Меваттан өтіп, олар Биан аймағына жетеді. Сикри, Бари және Дулпура таулары да осы тау тізбегінің бір бөлігін құрайды, бірақ олар оған жақын орналаспайды. Галиур деп те аталатын — бұл таулардың шыңдары; Рантамбхура, Читура, Манду және Чандири таулары да осы жотаға жатады [20: 1].

Бұл мысалдан мәтіндегі байласым «Үндістандағы таулар — Сикри, Бари және Дулпура, Гвалиара Рантамбхура, Читура, Манду және Чандири таулары» арасындағы сөйлемдермен көрініс табады. Алғашқы кіріспе сөйлемдегі ойды соңғы сөйлемдердегі атаулар нақтылап тұр.

Бабыр Омар Шейх мырза, Сұлтан Ахмет мырза, Сұлтан Махмұд мырза туралы деректер келтіргенде мәтіндер арасында белгілі бір реттілікті, байласымды сақтайды. Яғни әр сипаттау мен әңгімелеу мәтіндеріне арнайы тақырыпат береді және ол тақырыпаттар сипатталып отырған тұлғаның лауазымы мен мәртебесіне орай кезекпен орналастырылады. Мәселен, Бабыр естеліктерінде Сұлтан Ахмед Мырза туралы сөз еткенде төмендегідей атаулары бар сипаттау мәтіндерін ұсынады (1493-94 жылдар бойынша): *Vilādat u nasabı*. Дүниеге келуі мен шыққан тегі, *Šakl u šamāyılı*. Сырт келбеті. *Axlāq u atvāri*. Мінезі мен әдеті, *Maşāfları*. Соғыстары. *Vilāyātı*. Балалары, *Awlādı*. Иеліктері, *Xavatın u sarāri*. Әйелдері мен канизактары [11: 35-39]. Яғни, авторға мәтін түзу мәнерінің, жазушылық қабілеттілік пен логикалық байласымның тән болғаны анық.

Венгрлік зерттеуші ғалым Éva á. Csató және шведтік ғалым Lars Johanson түркі тілдеріндегі синтаксис бойынша герунди формаларын қарастырып, соның ішінде сөйлемдер мен сөйлем ішіндегі семантикалық интерпретацияны А және Б қатынасы ретінде түсіндіреді. 1. реттілік тұрғысынан: әр түрлі қабаттасуларға қарсы реттілік (А/Б: *çiq-ip ket-* «шығу» + «кету») (А х В: *kül-ip qara* — «күлу» + «қарау»). 2) модификация тұрғысынан: А мазмұны Б (А Б) мазмұнын өзгертеді ме, ол үшін қандай да бір «фон» (уақытша, себеп-салдар, аспаптық және т. б.) жасай ма? [21: 135].

Осы соңғы бөлініс бойынша «Бабырнамадағы» мәтін байласымын көрсетуге болады. Мәселен: *Bu 'Alam Xanğa, kim bizing ilğar qoşulur, heç kişining sözigä baqmay isning yaxsısı yamanını mulāhaza qılmaı Bayanağa bu ilğarnı yavıuq alıp barur. Bizing barğan ilğar Türkdin iki yüz ellig-üç yüzgä yavıuşur edi. Hindustanidin va atrāfi çerigdin iki mingdin bir nemä köpräk bolğay edi. Nizam Xan va Bayānadaqı Afğan va sipahi dört mingdin köpräk atlığ çerig bar edi. Yayaqı xud on mingdin ham köpräk edi. Bularni köriip bilip oşbu mazkur bolğan atlığ yayaq çerigi bilä fi'l-hal tez oq bularning üstigä çiqar* [10: 651-653]. Қаз.: Менің жауынгерлерім қосылған бұл Алам хан ешкімнің сөзіне мән бермей, жақсы мен жаман нәрсе туралы ойламай, Баянаның өзіне әкелді. Біздің барған жауынгерлеріміз екі жүз елу немесе үш жүзге жуық түрік еді. Үндістандықтар екі мыңнан сәл ғана көп болған еді. Низам хан мен Баянадағы ауғандықтар және басқа жауынгерлерден тұратын төрт мыңнан астам болды; оның он мыңнан астам жаяу әскері болды. Дұшпандарды көріп білген Низамхан оларға ат пен жаяу әскермен бірден шықты.

Бұл жерде жалпы кіріспе ақпарат ретінде алғашқы сөйлем жұмсалып отыр. Әрі қарай фон ретінде жауынгерлер мен әскер саны, әскер құрамы көрсетіледі. Содан соң нақты әрекет беріліп тұр. Сол әрекетке итермелеуші сөйлемнің алдында фон ретінде жұмсалған сөйлемдер арасында байланыс орнағанын көре аламыз. Соңғы сөйлемде нақты әрекеттен кейінгі шешім көрсетілген.

Осы сияқты бір мәтін ішіндегі байласымдық қатынастағы сөйлемдер «Бабырнама» жазба мұрасында кеңінен көрініс тапқан. Әр шағын мәтін авторлық мақсатпен нақты ақпаратты әңгімелеу мен сипаттауға арналған. Мәтін ішіндегі сөйлемдер өзара мағыналық және тілдік құрылымдық жағына өзара байласымды боп келеді.

Қорытындылар мен тұжырымдар

Бір мәтін ішіндегі байласымдық қатынастағы сөйлемдер «Бабырнама» жазба мұрасында кеңінен көрініс тапқан. Әр шағын мәтін авторлық ұстаныммен нақты ақпаратты баяндау мен сипаттауға арналған. Мәтін ішіндегі сөйлемдер өзара мағыналық және тілдік құрылымдық жағынан да өзара байласымды боп келеді.

Сол кездегі жылнамашылар құрастырған кез келген тарихи шежіреден жоғары тұратын, биографиялық элементтерінің ерекшелігімен сипатталатын «Бабырнама» жазба мұрасын мәтін лингвистикасы тұрғысынан қарастыру үлкен ізденіс пен талдауды қажет етеді. Аталмыш мақаламызда келесі бағыттар бойынша зерттеу жұмысын жүргізілді:

- Автобиографиялық мәтін сипаты мен ерекшелігі;
- Мәтін байласымы;
- Сөйлем мен сөйлем арасындағы байласымды тұрдыратын құралдар;
- Байласымды жүзеге асыратын әр тәсілге «Бабырнама» мәтіні бойынша мысалдар келтірілді;
- «Бабырнама» жазба мұрасындағы сөйлемдер мен қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемдердің арасындағы үндесім мен өзгешелік;
- Авторлық жеткізу мен мәтін түзу шеберлігі.

Зерттеу мақаланың ғылыми және практикалық маңыздылығы сол дәуірде жазылған мәтін үлгісін, түркі мәдениетінің жазбаша ескерткіштерін тілдік сипатын танумен және Орталық Азия

халықтары, Бабыр әлемінің тілдік бейнесін зерттеудегі ұсынылған мәтін байласымын зерттеумен байланысты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Dale S. *Steppe Humanism: The Autobiographical Writings of Zahir al-Din Muhammad Babur, 1483–1530* / S. Dale // *International Journal of Middle East Studies*. — 1990. — Vol. 22, № 1. — P. 37–58.
- 2 Ысқақұлы С. Сюжет және нарратив теориясы / С. Ысқақұлы, С.У. Такиров // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2016. — № 1(81). — Б. 51–56.
- 3 Абдыкадырова С.Р. Лингвистические средства в «Бабур-наме» как важная поэтическая единица автора / С.Р. Абдыкадырова, Т.Б. Кабылов, З.Р. Токтосунова // *Международ. журн. гуманитар. и естеств. наук*. — 2022. — № 10–2 (73). — С. 152–156.
- 4 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования / И.Р. Гальперин. — М.: Наука, 1981. — 183 с.
- 5 Jianhua Zhang. Lexical cohesion development in English as a foreign language learners' argumentative writing: A latent class growth model approach / Zhang Jianhua, Jun Zhang Lawrence // *Linguistics and Education*. — 2023. — Vol. 78. — 101255. — P. 1–9.
- 6 Savignon S.J. *Interpreting communicative language teaching* / S.J. Savignon // New Haven. — CT: Yale University Press. — 2002. — P. 2–14.
- 7 Lea Siekmann. Structure and coherence as challenges in composition: A study of assessing less proficient EFL writers' text quality // Siekmann Lea, M. Parr Judy, Vera Busse // *Assessing Writing*. — 2022. — Volume 54. — 100672. — P. 1–13.
- 8 Dejica-Cartis Daniel. Using Theme-Rheme Analysis for Improving Coherence and Cohesion in Target-Texts: A Methodological Approach / Daniel Dejica-Cartis, Mihaela Cozm // *Procedia — Social and Behavioral Sciences*. — 2013. — Vol. 84. — P. 890–894.
- 9 Саттарова А.Ф. Связанность как лингвистическая категория текста / А.Ф. Саттарова // *Молодой ученый*. — 2014. — № 7 (66). — С. 639–641.
- 10 Thackston W.M. Jr. *Bâburnâma: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation* [Cambridge, Mass.] / W.M. Thackston. — Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University, 1993. — 902 p.
- 11 Қожабекұлы Б. Бабырнама. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр / Б. Қожабекұлы. — Алматы: Ататек, 1993. — 448 б.
- 12 Zhunusova M.K. Compositional organization of the beginning and final sentences / M.K. Zhunusova, A.Zh. Sayazhanova // *Bulletin of the Karaganda university. Philology series*. — 2019. — No 1(93). — P. 25–29.
- 13 Halliday M.A. *Cohesion in english* / M.A. Halliday, R. Hassan. — New York: Longman, 1976. — 367 p.
- 14 Wahyono Sri. Lexical Cohesion Analysis On Scopus Indexed-Journal Entitled “A New Control Method For Power Based On Dynamic Evolution Control” / Sri Wahyono, Nur Hasyim, Ade Mulya // *Epigram*. — 2020. — 17. — P. 27–36.
- 15 Akiner Sh. “Past tenses” in the Babur-Name / Sh. Akiner, N. Sims-Williams // *Languages and Scripts of Central Asia*. — London 1997. — P. 61–73.
- 16 Rentzsch J. Modality in the Baburnama / J. Rentzsch // Editorial note by Lars Johanson. *Turkic Languages*. — 2011. — Vol. 15, No 1. — P. 78–123.
- 17 Маретбаева М.А. Әңгімелеу мәтінінің лингвистикалық құрылымы / М.А. Маретбаева, Б.С. Каукербекова, Б.Е. Мукеева, А.С. Ержанова, Г.Е. Оспанова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2023. — № 3(111). — Б. 25–35.
- 18 Петров П. Бабыр-наме. Миниатюры из собрания Государственного музея Востока / П. Петров, М. Салье. — Самара, 2005. — С. 168.
- 19 Ахмедова С.Д. «Бабыр-наме» Захир ад-Дина Мухаммада Бабура — литературный памятник культуры народов Востока (Фонды рукописей Британии) / С.Д. Ахмедова, Э.М. Иззетова // *Oriental renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences*. — 2023. — 3 (4). — С. 5–15.
- 20 Захир ад-Дин Мухаммад Бабыр. Бабыр-наме. События года девятьсот десятого / Мухаммад Бабыр Захир ад-Дин. Восточная литература. Средневековые исторические источники Востока и Запада (пер. М.А. Салье) — 2010. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.vostlit.info/>
- 21 Csátó É.Á. On gerundial syntax in turkic / É.Á. Csátó and L. Johanson // *Acta Orientalia Hungarica*. — 1992/93. — Vol. 46, № 2/3. — P. 133–141.

А.А. Данияр, К.К. Кенжалин

Связность текста в письменном наследии «Бабыр-наме»

Исторические и биографические тексты описывают образы, личности, события своей эпохи. Авторы при написании работ такого характера приводят свои мысли на смену субъективной и объективной остроте. Они пытаются сохранить определенную логическую, последовательную, гармоничную связь

при построении текста. Именно с этой точки зрения целью данной статьи является определение способов, реализующих текстовую связку в письменном наследии «Бабур-наме», и приведение на конкретных примерах видов и средств создания связности текста. Статья включает в себя семантическую последовательность в тексте, написанном Бабуром, описание целостности и правдивой сюжетной линии, связность между предложениями в объемном и мелком тексте, межтекстовую связку, в которой новая мысль узнаваема через абзац. В анализируемых предложениях подчеркиваются характерная для той эпохи специфика и авторское использование. В результате исследования были проанализированы тексты по трем разделам письменного наследия «Бабур-наме», сопоставлены текстовые связности современного казахского языка с помощью примеров, отмечены языковое применение и средства связности, использованные Бабуром.

Ключевые слова: рассказчик, связность текста, средства связности текста, авторская позиция, структура содержания.

A.A. Daniyar, K.K. Kenzhalin

Cohesion of the text in the written heritage of «Baburnama»

Historical and biographical texts describe images, personalities and events of their era. The author, while writing works of this nature, leads his thoughts to replace subjective and objective sharpness. He tries to save a certain logical, consistent, harmonious connection when making a text. It is from this point of view that the purpose of this article is to identify ways to implement the coherence of the text in the written heritage of Baburnama, and provides specific examples of the types and means of creating coherence of the text. The article includes a semantic sequence in the text written by Babur, a description of the integrity and truthful storyline, coherence between sentences in a voluminous and small text, an intertextual bundle in which a new thought is recognizable through a paragraph. The analyzed proposals emphasize the specificity and author's use characteristic of that era. As a result of the study, the texts were analyzed in three sections of the written heritage of «Baburnama», the textual coherence of the modern Kazakh language was compared using examples, the linguistic applications and means of connectivity used by Babur were noted.

Keywords: narrator, text coherence, means of text coherence, author's position, content structure.

References

- 1 Dale, S. (1990). Steppe Humanism: The Autobiographical Writings of Zahir al-Din Muhammad Babur, 1483–1530. *International Journal of Middle East Studies*, 22 (1), 37–58.
- 2 Ysqauly, S., & Takirov, S.U. (2016). Siuzhet zhane narrativ teoriiasy [Plot and narrative theory]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologii seriiasy — Bulletin of the Karaganda university. Philology series*, 1(81), 51–56 [in Kazakh].
- 3 Abdykadyrova, S.R., Kabylov, T.B., & Toktosunova, Z.R. (2022). Lingvisticheskie sredstva v «Babur-name» kak vazhnaia poeticheskaia edinita avtora [Linguistic means in «Babur-Nama» as an important poetic unit of the author]. *Mezhdunarodnyi zhurnal gumanitarnykh i estestvennykh nauk — International Journal of Humanities and Natural Sciences*, 10–2(73), 152–156 [in Russian].
- 4 Galperin, I.R. (1981). *Tekst kak obekt lingvisticheskogo issledovaniia [Text as an object of linguistic research]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 5 Jianhua Zhang, & Lawrence, Jun Zhang (2023). Lexical cohesion development in English as a foreign language learners' argumentative writing: A latent class growth model approach. *Linguistics and Education*, 78, 101255, 1–9.
- 6 Savignon, S.J. (2002). *Interpreting communicative language teaching*. New Haven, CT: Yale University Press.
- 7 Siekmann, L., Parr, J.M., & Vera, Busse. (2022). Structure and coherence as challenges in composition: A study of assessing less proficient EFL writers' text quality. *Assessing Writing*, 54, 100672, 1–13.
- 8 Dejica-Cartis, D., & Cozma, M. (2013). Using Theme-Rheme Analysis for Improving Coherence and Cohesion in Target-Texts: A Methodological Approach. *Procedia — Social and Behavioral Sciences*, 84, 890–894.
- 9 Sattarova, A.F. (2014). Sviazannost kak lingvisticheskaia kategoriia teksta [Connectedness as a linguistic category of text]. *Molodoi uchenyi — A young researcher*, 7, 639–641 [in Russian].
- 10 Thackston, W.M. (1993). Jr. *Bâburnâma.: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation*. Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University.
- 11 Kozhabekuly, B. (1993). *Babyrnama. Zahir ad-din Mūhammed Babyr [Babarnama. Zahir ad-Din Muhammad Babur]*. Almaty: Atatek [in Kazakh].
- 12 Zhunusova, M.K., & Sayazhanova, A.Zh. (2019). Compositional organization of the beginning and final sentences. *Bulletin of the University of Karaganda. Philology series*, 1(93), 25–29.
- 13 Halliday, M.A., & Hassan, R. (1976). *Cohesion in English*. New York: Longman.

- 14 Wahyono Sri, Hasyim Nur, & Mulya Ade (2020). Lexical Cohesion Analysis on Scopus Indexed-Journal Entitled “A New Control Method For Power Based On Dynamic Evolution Control”. *Epigram*, 17, 27–36.
- 15 Akiner, Sh., & Sims-Williams, N. (1997). “Past tenses” in the Babur-Name. *Languages and Scripts of Central Asia*. London.
- 16 Rentzsch, J. (2011). Modality in the Baburnama. *Editorial note by Lars Johanson*, 15 (1), 78–123. *Turkic Languages*.
- 17 Maretbaeva, M.A., Kaukerbekova, B.S., Mukeeva, B.E., Erzhanova, A.S., & Ospanova, G.E. (2023). Angimeleu matininin lingvostilistikalyq qurylymy [Linguistic structure of the narrative text]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologiya seriyasy — Bulletin of the University of Karaganda, Philology series*, 3(111), 25–35 [in Kazakh].
- 18 Petrov, P., & Sal'e, M. (2005). *Babur-name. Miniatiury iz sobraniia Gosudarstvennogo muzeia Vostoka [Babur-nameh. Miniatures from the Collection of the State Museum of Oriental Art]*. Samara [in Russian].
- 19 Ahmedova, S.D., & Izzetova, E.M. (2023). «Babur-name» Zakhir ad-Dina Mukhammada Babura — literaturnyi pamiatnik kultury narodov Vostoka (Fondy rukopisei Britanii) [“Babur– name” by Zahir al-din Muhammad Babur is a literary monument of the culture of the peoples of the East (British manuscript collections)]. *Oriental renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences*, 5–15 [in Russian].
- 20 Zahir ad-Din Muhammad Babur. (2010). “Babur-Name. Sobytiia goda deviat'sot desiatogo” [Babur Babur-Name. Events of the year nineteen twenty-six]. *Vostochnaia literatura. Srednevekoveye istoricheskie istochniki Vostoka i Zapada — Oriental Literature. Medieval historical sources of East and West* (M.A. Sale, Trans). Retrieved from <https://www.vostlit.info/> [in Russian].
- 21 Csátó, É. Á., & Johanson, L. (1992/93). On gerundial syntax in turkic. *Acta Orientalia Hungarica*, 46 (2/3), 133–141.

Information about the authors

Daniyar Aliya Ahmediyakyzy – PhD student, Faculty of Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: aliya_daniyarova@mail.ru; ORCID ID 0000-0003-3465-7855

Kenzhalin Kuanyshbek Karimovich – PhD, Associate professor of the Department of Kazakh Linguistics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: kenkk@mail.ru; ORCID ID 0000-0003-0440-7556